

ЕЛДЕС ОМАРУЛЫНЫҢ ЛАТЫН ҚАРПЫНЕ ҚАРСЫ ШІКІРІ

Жұмабаева Алтынай Ерсұлтанбекқызы

dzhumabaeva.altynai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің «қазақ тілі және әдебиеті» білім

беру бағдарламасының 3-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г. Б. Мамаева

Елдес Омарұлы мәселе қазақ әліпбиіне келіп тоқтаған кезде әрдайым Ахмет Байтұрсынұлы құрастырған төте жазуды қолдаған. Ғалымдар арасындағы жазу жөніндегі талас-тартыс жөнінде: «Латын әрпін аламыз деу тек сыртына қызыққандық. Біз латынның әрпін аламыз дегенше Еуропаның мәдениетін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуы с тонын киюден пайда шамалы. Біз не нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек. Латын әрпіне ентелегенше, біз қазіргі қолданып жатқан әріптерімізді түзетіп, баспаха қызметкерлеріміз - әріп түзеушілерді даярлап, баспа істерімізді жөндеуге кірісуіміз қажет»[1, 25]. Алаш ардақтысы жазу мен баспаның тағдырына осылай алаңдаушылық білдіреді.

XX ғасырдың басы Кеңес үкіметі орнаған сәттен бастап, сол уақытқа дейін бодандықта келген барлық халықтар өз ноктасына өзіне тиген соң өнер-білім, ғылым жолына кең түрде мән берді. Осы жерде барлық мәселе тікелей әліппеге барып тірелді. Қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі халқы жазу әрпіне қатты зер қойды. Қазақ халқы арасында бұл мәселе Ахмет Байтұрсынұлы құрастырған төте жазу арқылы шешілген болатын. Өз заманында «Байтұрсынұлы жазуы» атанған әліппе жоғары бағаға ие болған. Соған қарамастан білімпаздар арасында латын әліпбиіне деген ықылас болды. Елдес Омарұлы осы мәселелерге байланысты мынадай мақалалар жариялаған болатын:

1. «Қазақша жазу жайы»;
2. «Қазақша әліпби мен латынша әліпби»;
3. «Латынның еліктен басқа түгі жоқ»(айтыс ретінде);
4. «Араб таңбасы»;
5. «Әлем тілдерінің алдыңғы легіндеміз» (Бірінші Бүкілкеңестік съезд, Стенографиялық есеп - 1926, Баку) [1, 173-174];
6. Баку съезіндегі латын әрпі туралы қаулысы.

«Латын әрпі қазақ әрпінен артық емес. Сондықтан қазақ еліне оның керегі жоқ» - деген үзіндіні Елдес Омарұлының латын әрпіне қарсы пікірінің түп қазығы ретінде қарастырсақ қателеспейміз[1, 27]. Келесі кезекте ғалымның латын әрпіне көшудегі қарсы болуының себептеріне тоқталсақ. Олар:

1. Білімпаздар арасында латын әрпіне көшу туралы мәселе көтерілгенде халық арасына сіңіп келе жатқан, үйренуі де оқуы да жеңіл төте жазу ойлап шығарылған еді. Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиіне негіздеп жасаған төте жазудың жеңілдігі - үйренуге төрт-бес айдан артық уақыт кетпейтіндігі еді делінеді. Ал нықтап кіріскен адам үш айдың ішінде жетік меңгеріп алуға болады екен деседі. Бұл төте жазудың жеңілдігі мен халыққа ұғынықтылығын білдіреді. Бұл жөнінде Елдес Омарұлы да айтқан болатын. Пайда болғанына көп уақыт болмаса да халық арасынан ықыласқа бөленген әліпби жөнінде ғалым: «балаларға латын әрпімен де қазіргі қазақ әрпімен оқытып көрсен де, екеуін қатар оқыған хат танымайтын бала қазақ әрпімен хатты бұрын таниды. Нанбаса латын әрпімен Әбдірахман да, қазақ әрпімен мен де оқытып көрейік. Қайсы бірініші хат таныр екен?»[1, 24].

Осы пікірден Елдес Омарұлының Ахмет Байтұрсынұлы жасаған әліппеге деген ықыласы мен оның ғұмырының ұзақ болуына деген талпынысын көруге болады.

2. Латын әрпінің қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен емлесіне сәйкес келмейтін болды да, барлығын түбегейлі бастан қарау қажеттігі пайда болды. Сол кездегі ұсынылған латын әліпбиі тіл заңдарын өрескел бұзып енетін болды. Ал дәл осы кезеңде қазақ тілінің өзіне тән заңдары қалыптаса бастаған болатын. Дайын ережені қайта жасауға қарсы болған ғалым бұл жөнінде мынадай пікір айтады: «Қазақ тілі-ермек емес, ғылым жөнімен тексеруге жарайтын тіл. Қазақ тілінің өзіне ғана меншікті қасиеттері бар, заңдары бар, өзгеше дыбыстары бар»[1, 70].

Жоғарыдағы атап өтілген мәселелерді ғалым тіл дыбыстарына арналған мақаларында кеңінен қарастырған болатын.

3. Латын әрпін ұсынуды ұсынған ғалымдардың (Телжан Шонанұлы бастаған) негізгі ұстанымы мынадай болды: «латын әрпін қабылдау арқылы, еуропа халықтары жеткен жетістікті бойымызға сіңіру. Әлемдік ақпарат жинақталған жазуды қолдана отырып ғылым кеңістігіне ену».

Осы жөнінде Елдес Омарұлы «латынның еліктен басқа түгі жоқ» деген ұстанымды ұстанады. Латын әрпіне көшу туралы пікірді нық ұстанғандарға мынадай анықтама береді: «Аурыпаның жылтыраған моншағына құмартып асық болғандардың елігінен шыққан әңгіме»[1, 80].

Сонымен қатар осы тақырыптағы ғалымның мына пікірін ескере кеткен жөн: «Латыншылдардың қазақ әліпбиін жоғалтып, оның орнына латын әліпбиін алу керек дегенде, айтатын күшті дәлелдерінің бірі - елдің мәдениеті өсіп алға басу үшін әліпби латынша болу керек; өнер-білімнің, мәдениеттің тетігі сонда. Онсыз надандықтан құтылуға болмайды деген дәлел.

Өнер-білімнің, мәдениеттің тетігі-жазу екені рас; әріп танымайтын кісі мәдениеттің маңайына да жуып алмайды, ілім-білім жағынан су қараңғы болады. Надандықтан құтылу үшін ең алдымен әліпби керек екендігі даусыз, бірақ ол әліпби латын әліпбиі болу шарт емес, әр тілдің өзіне лайық әліпбиі болса болады.

Дұрысында да мәдениеттің ең мықты тетігі - әліпбиден де артық тетігі - тіл; бірақ ол тілдің латынша, я орысша, я арапша болуы шарт емес, әр тілдің өз тілі жарайды. Әліпбидің, жазудың керегі тіл үшін, жазумен әркім өзінің ауызекі айтатын сөзін қағаз бетіне таңбалайды, жазу - сөздің ісі емес, тек қана таңбасы»[1, 76].

Араб әліпбиіне негізделіп жасалған төте жазу Елдес Омарұлы қазақтың дәл өзіне тән жазу секілді көрінді. Осы жөнінде ғалым көптеген мақалаларында сөз қозғады. Сондай пікірлерінің бірі мынадай боп келеді:

«Мәселен, жіп иіргенде қазақтың әйелдері оңнан солға қарай иіреді. Солдан оңға қарай олардың табиғаттары көнбейді. Жазу да сол сияқты» - дейді[1, 25]. Осы сөз арқылы ғалым қазақ халқының сан ғасыр бойы араб әрпіне үйренгендігін айтып тұр. Тосыннан келген жаңалық халықты есеңгіретіп жіберері анық, сол секілді арабтан латынға бір мезетте көшу де халықты аландатып жіберетінін ғалым түсінеді. Халық санасына жат солдан оңға қарай жазу халық түгіл ғалымыды да таңырқатады.

Латын әрпін халық жазуы қыламыз деушілерге ақын былай деп те жауап береді: «Орыс өз әліпбиін латындықы, аландікі демей, өзінікі дей алатын болған соң, біз де өз әліпбиімізді араптікі йі көпеліктердікі демей, өзіміздікі дейміз» [1, 75].

Мұндағы айтып тұрғаны төте жазу араб жазуына негізделіп жасалынғанмен, араб жазуынан мүлде басқа әліпби. Ахмет Байтұрсынұлы негіз қылып алған араб әліпбиімен төте жазу арасында үлкен айырмашылық болған. Негізі ғана араптікі демесе, кәнігі ешбір халықта жоқ қазақтың өзінің жазуы. Осыған байланысты Елдес Омарұлы бастаған Алаш өкілдерінің біраз бөлігі латын әліпбиіне көшуге қарсы болған болатын.

Әліпби мәселесіне байланысты сол кезеңдегі қоғам белсенділері «Ескішілдер» мен «Жаңашылдар» болып екіге бөлінген болатын. «Ескішілдер» деп латын әрпінің қазақ халқының қолданысына енуіне қарсы болғандарды айыптады. Ал айыптаушылардың өзі «Жаңашылдар» деп аталды. Сонымен қатар, төте жазуды қолдаушыларды «жамаушылар» деп атауда кездескен екен. Бұл жөнінде Елдес Омарұлы «Қазақша әліпби мен латынша әліпби» атты мақаласында көрсеткен болатын. Төте жазу мәселесін тарқатып айтар болсақ, пайда болғанына аз уақыт болғанына қарамастан, халық санасына тез сіңіп, жүрегінен орын алған тек қазақтың өзіне ғана тән әріпті өзге елдің жазуына айырбастау Елдес Омарұлы үшін ауырға түсті. Алайда Кеңес үкіметі өз дегеніне жетпей қоймайды. Осылайша қазақ халқы өзінің ерекше жүйелі жазба жүйесінен қол жазып қалды. Соған қарамастан қазіргі күнге дейін, Қытай Халық Республикасында тұратын бір миллион қазақ әлі күнге дейін төте жазуды пайдаланып келе жатыр.

«Емле мәселесі» атты мақаласында Елдес Омарұлы ешбір халықта таза дыбыс жүйесінше болып шығатын емле жоқ деп көрсетеді, яғни ешбір халықта толыққанды дыбысқа негізделген жазу деп көрсетеді. XX ғасырдың басындағы латын әрпіне көшеміз деген мәселені дағдартқан шешілуі қажет түйін латын әрпіне негізделген емле болды. Елдес Омарұлы латыншылдар жазуының емлесі түгіл, жазуының өзін ойлап таба алмай отыр, 100 түрлі нұсқа көрсетеді, біреуі де қазақтың жазуына ыңғайлы емес дейді. Халыққа ұғынықсыз жазудың қажеті жоқ, оны мың қайтара үйретсе де санаға сіңбеген жерде, қолдануы қиын болады деп тұжырымдайды.

Жоғарыда Елдес Омарұлының латын жазуына қарсы шығудағы үш негізі себебін айт кеткен болатынбыз. Солардың бірі - қазақтың тілдік заңдарына келмеуі болды. Латыншылдардың дәл осы арадағы тығырыққа тірегені – емле мәселесі болды.

Ғалым Елдес Омарұлы өзінің ғылым жолында қарастырған мәселелердің бірі емле болды. Сонымен қатар қазақ тілтанушыларының ішінде емлеге алғаш көңіл бөлгендердің бірі болды. Осыған орай латын рпін қазақтың жазу жүйесіне келтіруде қиынға соғады деп дұрыс баға берген бірден бір ғалым болды.

«Дұрысында, жазудың дәлдік жағынан артық я кем болуы - әліпбиден ғана емес, емледен. Әріп мәселесі мен емле мәселесі - екеуін шатастыра берудің керегі жоқ екені де рас. Бірақ латыншылдардың ең алдымен айтатын, ең күшті дәлелдері - емле; латыншылдар: латын әліпбисіз емлені түзетуге болмайды деп дауласады» - дейді Елдес Омарұлы «Қазақша жазу жайы» мақаласында[1, 77]. Телжан Шонанұлы ұстанған профессор Ашмарин теориясына ғалым осындай кері пікір айтады. Профессор Ашмарин «Дыбысты дәл таңбалайтын тіл ғылым кітаптарын араб әліпбиімен өмірде жазуға болмайды» деген пікір айтады. Дәл осы пікірмен өз кезегінде Телжан Шонанұлы келіседі. Елдес Омарұлы емле мәселесі әліпбиін ұғымға жат жазумен алмастырған да бұл мәселенің шешілмейтіндігін айтып өтеді.

Кейінірек осы мәселе негізінде 1924 жылы Елдес Омарұлы Ахмет Байтұрсынұлы секілді төл әліпбиін ойлап тапқан болатын. Осы мәселе жөнінде Дихан Қамзабекұлы сөз қозғаған болатын.

Дихан Қамзабекұлы: «Елдес Омарұлы жат сөздердің тігісін жатқызып, сөздік қорымызға қабылдаудың тоғыз тәсілін көрсетіп береді. Сиез бір ауыздан тоғызын толық қабыл алып, бұлардың барлығы қазақ тілінің пән сөздерін жасауға негізгі заңдар болып есептелсін деп шешті», - дей келіп, - «Ең өкініштісі, А.Байтұрсынұлы бастаған тіл ғылымы көшінің құрметті сапындағы Елдес Омарұлын тілші ғалымдарымыз насихаттамай-ақ келеді», - деп өкініш білдіреді[2].

Қорыта келгенде, Елдес Омарұлы көтерген мәселелер қазіргі таңға дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі таңдағы тілші ғалымдардың басты мақсаты – Е. Омарұлы қарастырған тақырыптарды жалғастыру, ғалым тұжырыдарын кеңінен талдау. Е. Омарұлы - қазақ топырағынан шыққан біртуар азамат. Қазақ халқы тарихындағы алпауыт зұлматтың куәгері

болған, тағдырдың әлегіне мойын ұсынбаған ұлы тұлға. Оның қазақ тілі білімінде ғана емес, геометрия, физика, акустика, математика ғылымдарына қосқан үлесі мол. Ғалым еңбектерін насихаттау мен түсіндіру – маңызды міндеттердің бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Үш томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : зерттеу мақалалар / Е. Омарұлы ; [жауап. ред.: О. Жұбаева, Ә. Ахмет] ; А. Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты ; ҚР Ұлттық кітапханасы ; ҚР Орталық мем. архиві ; Л. Н. Гумилёв атынд. ЕҰУ ғыл. кеңесі .- Астана : Алашорда, 2018, 1-том .– 397 б.
2. Д.Қамзабекұлы «Алаш зиялыларының отандық білімді жүйелеу тұжырымдамасы» мақаласы

ӘОЖ 378'147

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

Қаңғылбай Ақерке Әділбайқызы

aadilbaikyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Құрманбаева

Ұрпақ тәрбиесі қай заманда болсын алдыңғы орында екені белгілі. Қазіргі заманғы білім беру саласында мұғалімдердің алдына қойылған міндеттердің бірі – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ол үшін мұғалім жеке тұлғаны тануға, түсінуге ұмтылу керек. Ең бастысы, оқушыларға білім беруде оларға рухани тәрбие беруді дұрыс жолға қою, тілді меңгерте отырып, оқушыға ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беру қажет.

Құндылық дегеніміз – жас ұрпаққа тәрбие мен білім берудегі адамгершілікке бағытталған мұраттар. Тарихқа көз жіберсек, құндылық және рухани – адамгершілік құндылықтар жөніндегі идеялардың сонау ежелгі философтар Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алып, орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Баласағұни және одан кейінгі ғұламалардың еңбектерінде жалғасын тапқан. Сондай-ақ, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ағартушылар еңбектерінің алатын орны ерекше.

Құндылық бағдар жүйесі өздігінен кез келген қоғамның ішкі құрылысын ұйымдастырады және маңызды әлеуметтік жағдайды реттеуде ең маңызды екі сапаға ие: біріншісі – тұрақтылық, екіншісі – құбылмалылық. Құндылық бағдардың ауыспалы, құбылмалы болуы сол қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық дағдарысты немесе қарқынды шапшаң дамуды байқатады деген белгілі француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгейм [1]. Қоғамдағы әрбір дағдарыс кейбір құндылықтар мен нормаларды құлдырауға әкелсе, енді біреулері бірі бірінші орынға көтеріліп, жаңа бір әлеуметтік маңызға, жаңа дүниетанымның пайда болуына себепші болады. Құндылық бағдардың астарында мән, мағына, идеал, талап, тілек, қажеттіліктер мен мотивтер сияқты адамның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері жатады.

Тұлғаның құндылық бағдар жүйесі оның жеке басының маңызды мінездемелерінің бірі және оның жеке тұлғасының қалыптасуының негізгі критериясы болып табылады. Тұлғаның құндылық бағдарының даму дәрежесі тұлғаның дамуының деңгейін, оның тұтастығы мен